



6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

2012 жылғы 17 сәуір

ҚАЗАҚМЫС КЕНІШТЕРДЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖӨНДЕУ БЕКЕТТЕРІН АШТЫ

Қазақмыс Тобы жабдықтарға іркіліс уақытын мейлінше қысқартып, тау-кен техникаларын жөндеуге кететін шығындарды барынша азайту арқылы өндірістің тиімділігін арттыруға мүмкіншілік беретін жерасты жөндеу бекеттерін ашты. Құрылысына 1,6 млн АҚШ долларынан астам қаражат жұмсалған мұндай бекеттер осыдан бұрын Топтың Жезқазған алаңындағы Жомарт, Оңтүстік, Степной және Шығыс кеніштерінде ашылып, әрекет етіп келеді. Осы жылдың соңына дейін Қазақмыстың басқа да өндірістік алаңдарында қосымша жөндеу бекеттерінің құрылыстарын аяқтау жоспарланды. Жөндеу бекеттері жарақталған жабдықтар негізінде Топтың құрамындағы Қарағандының механикалық-құйма зауытында жасап шығарылған.

Сонымен қатар, үстіміздегі жылы шамамен 15 пит-стоп, яғни өздігінен жүретін жабдықтарға қызмет көрсетіп, профилактикалық байқау жөніндегі жерасты бекеттерін ашу жоспарда бар. Бұл жобаға қарастырылған инвестиция сомасы 14 млн АҚШ долларын құрайды. Атап айтқанда, «Шығыстүстіметалл» ӨБ-ң Артемьев, Южно-Снегирихин және Николаев кеніштерінде осындай пит-стоптардың құрылысы бір уақытта басталмақ. Қызмет көрсету - отын толтыру, гидравликалық жіктерін, сұйықтық деңгейлерін, приводты таспаларын, басқару органдарын, тежеу жүйесін, жарық беру аспаптарын, сонымен қатар, автошиналардың және герметикалық жіктердің жағдайларын тексеруді қамтитын болады.

Тау-кен шахталық ақаулы жабдықтардың жұмысқа кірісуін болдырмау үшін, компанияның барлық тау-кен кәсіпорындарында жабдықтарды ауысым сайын қабылдап-тапсыру карточкалары қолданылып жүр.

«Пит-стоптар мен жөндеу бекеттерінің ашылуы жерасты жағдайында жабдықтарға қызмет көрсетілуін жетілдіруге бағыттталып отыр, түбінде ол өнімділіктің жоғарылауына және біздің жұмыскерлеріміздің еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігінің жақсара түсуіне септігін тигізетін болады», - деп түсініктеді «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-ң бас механигі Олег Ли.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар арқылы хабарласыңыз:

Қазақмыс

Джон Смэлт

Корпоративтік байланыстар
бөлімінің басшысы

Тел: +44 20 7901 7882

Тел: +44 78 7964 2675

Ирина Третьякова

Қаржы талдаушысы

Тел: +44 20 7901 7814

Мақсұт Жапабаев

Алматыдағы Корпоративтік
байланыстар бөлімінің
басшысы

Тел: +7 727 3304 556

Сандуғаш

Сәрсембаева

Қарағанды аймағы бойынша
корпоративтік байланыстар
бөлімінің менеджері

Тел: +72 12 95 26 65

Мерлин

Дэвид Саймонсон

Тел: +44 20 7726 8400

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады.

Қазақмыс Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі 18 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алда келе жатқан мыс өндіруші болып табылады. Тау-кен өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2011 жылы меншікті рудадан 299 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен сүйемелденіп тұрады.

«Kazakhmys Mining» бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2011 жылы Қазақмыс 140 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Топ әлемде ең ірі деген он күміс өндірушінің бірі боп табылады. (2011 жылы 13 млн. унция күміс өндірді).

«Kazakhmys Power» ағымды өндірістік қуаттылығы 2500 МВт болып отырған, 4000 МВт құрайтын жобалық қуаттылығына жеткізу үшін модернизациялау бағдарламасын жүзеге асырып отырған Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз ГРЭС-1 көмір электр станциясының 50 пайыздық қатысу үлесіне ие. «Kazakhmys Power» бөлімшесінде «Kazakhmys Mining» бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыратын электр станциялары мен қосалқы көмір кеніштері бар.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында және Гонконг қор биржасында айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді; сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) да саудаланып келеді. 2011 жылы EBITDA (ерекше баптарды қоспағанда) көрсеткіші 2,925 млн.АҚШ долларды құрағанда,Топ өнімдерінің өткізілу көлемі 3,563 млн.АҚШ доллары болған. Топта шамамен 60 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.